ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

20___ жылғы _____

№ _____

Нұр-Сұлтан қаласы,
Үкімет Үйі

ПОСТАНОВЛЕНИЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

от «___» _____ 20___ года

№ _____

Исх. № 764 от 29.09.2022, Вход № 2158-ДИРОРД от 29.09.2022

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

«2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу үшін 2022 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 20600151000 (жиырма миллиард алты жүз миллион жүз елу бір мың) теңге сомасында қаражат, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына 20495256000 (жиырма миллиард төрт жүз тоқсан бес миллион екі жүз елу алты мың) теңге;

2) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне 104895000 (жүз төрт миллион сегіз жүз тоқсан бес мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 2022 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімде бөлінген қаражаттың пайдаланылуы жөнінде есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі **Ә. Смайылов**

Подпись канцелярии
29.09.2022 09:09 АЛИПБИЕВА ДИЛЬНАРА
Подпись руководителя
29.09.2022 04:41 СМАИЛОВ АЛИХАН

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 2158-ДИРОРД от 29.09.2022 г.
Организация/отправитель	КАНЦЕЛЯРИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	АППАРАТ АКИМА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.